



Автор: Шектыбаева Шнар Муратовна
Раздел программы: Средняя группа
Возрастная группа: Ознакомление с окружающим миром
Область знаний: Я и окружающий мир
Тема ОУД: «Магниттің сиқырлы қасиеттері»

| | |
|---------------------------|---|
| Цель ОУД | Мақсаттары: 1. Тәрбиелік: Ынтымақтастыққа, өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу. 2. Дамытушылық: Магнитпен тәжірибе жасау арқылы танымдық белсенділікті дамыту. 3. Оқыту: магнит және оның қасиеті туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру; магнит қандай материалдар арқылы әрекет ететінін білу. |
| Словарная работа: | қызыл-красный, көк-синий, жасыл-зеленый, сары- желтый |
| Рефлексия | -Балалар, бүгін сендер өте көп жұмыс жасадыңдар, көлді тазартып шықтыңдар. Осы жақсылық жасаған кезде сендер қандай сезімде болдыңдар мына балықтар арқылы көрсетіндер. Балалар смайлик- балықтарды алып жасанды көлге жабыстырады. |
| Методы и приемы: | Практикалық, ойын, денсаулық сақтау технологиялары. |
| Оборудование и материалы: | музыка, видео« Экологиялық апат», волонтер эмблемалары, шелектер, көл макеты, тірі балықтар, қағаздан жасалған екі аққу, түрлі-түсті тастар, әр-түрлі темір заттар, магниттер, игровизорлар, маркерлер, доптар, кубиктер, таяқшалар, картон, темір машиналар, магнитті шыбықтар, скрепкадан жасалған балықтар, смайлик- балықтар. |
| Наименование ресурса ИКТ: | Компьютер, ноутбук, проектор. |
| Межпредметная связь: | "Таным", "Шығармашылық", "Денсаулық", "Қатынас", "Әлеумет". |
| Предварительная работа: | Магнит туралы материалдар жинақтау, оның қасиеттерімен танысу, пайдасы туралы әңгімелесу, видеобине және суреттер, кітаптар көру. |

Ход ОУД

| Этапы ОУД | Запланированная деятельность на уроке | Ресурсы |
|-------------------|--|---|
| Вводная часть ОУД | - Балалар, бір- бірімізге сәттілік тілеп амандасайық та күлкі сыйлайық. SOS сигналы естіледі -Балалар не болды? Видеоқоңырау « Экологиялық апат» - Біздің көл апатқа ұшырады. Адамдардың әсерінен көптеген қоқыс көлде пайда болды. Олар көлдің жағасында және көлде тұратын жандарға өмір сүруге қиыншылық туғызады, суды ластайды. - Балалар, сендер көмек көрсетуге дайынсыңдар ма? -Ендіше біз сендермен табиғат қорғаушы- волонтерміз. (Балаларға эмблемаларды тарату. Балалар қолдарына шелек алады, жолға дайындалады) - Ал, жас волонтерлер, алға! | https://studio.youtube.com/video/zpDISRUn10s/edit |

| Этапы ОУД | Запланированная деятельность на уроке | Ресурсы |
|-----------------------|--|--|
| Основная часть ОУД | <p>2.Негізгі бөлім -Қарандаршы, қандай әсем жер! Міне көлге де жеттік.Көлде не тұрады? -Балықтар -Балықтардың көлемі қандай? -Үлкен, орта, кішкентай. - Қарандар түрлі- түсті тастар. Тастардың түстерін анықтандаршы. -Қызыл-красный, жасыл - зеленый, сары-желтый, көк-синий. -Ал мынау не көлдің түбінде жатқан? -Шеге, темір, қоқыстар. -Енді не істейміз? Балықтарға ынғайсыз қоқыстың арасында өмір сүруге.Волонтерлер, кәне ойланайық! Оларға қалай көмектесуге болады? Темір қоқыстарды қалай жинаймыз? -Сачокпен алуға болады -Таяқпен іліп алуға болады - Сүзіп алуға болады. -Ойларын өте қызықты екен. Қарандар менде не бар. Жұмбақ: Ол үлкен де кішкентай да болады Темір онымен достасады. Балалар: «Магнит» - деп шешімін табады. -Дұрыс, бұл магнит. Мен сендерге оны көлдегі қоқыстарды тазалауға ұсынамын. Сендердің алдарында магнит жатыр, қолдарына оны алындар. Саусақ гимнастикасы «Магнит» Магнитті қолға аламыз, Алақанға оны саламыз Саусақтарды жаттықтырып, Домалатамыз Көп қасиеттерімен танысамыз. Магнитпен танысу Магнитті қарап жан-жақты танысады. -Магнитті ұстаған кезінде қандай ол, не сезесіңдер? -Мұздай, қатты -Оны сындыруға бола ма? -Жоқ, сынбайды - Ендіше, қандай шешім шығаруға болады? Барлық магниттер қандай? Шешім: (Карточкаларды іледі) - Магниттің түсі қара, мұздай, өте қатты, сынбайды. - Қазір біз анықтаймыз, магнит бәрін өзіне тартып алама? Ал шешімдерімізді игровизорларда белгілейміз. № 1 тәжірибе «Ненімагнит тартады» - Сендердің алдарында әр-түрлі заттар жатыр. Қарапалындар. - Айсана, қандай заттар атап шық. - Ануар, текше неденжасалған? - Медина, доп қандай? - Жанерке, картон неден жасалған? -Таяқша ше? - Машина неден істелінген? -Ал енді анықтауға кірісейік.Балалар магнитті заттарға апарып анықтайды, белгілейді. Балалардыңжауаптары: - Доп магнитке жабыспайды. Ол резеңкеден жасалған. -Ағашты магнит ұстамайды. - Картон-қағаз да магнитке жабыспайды. -Машина темірден. Магнитке жабысады. - Шешім: - Резеңке, ағаш, пласмас,қағаз -магнитке жабыспайды. - Темір – жабысады. -Ендіше магниттеркөлдегі темір қоқыстарды жинайтын кішкентай көмекшелеріміз ғой. № 2тәжірибе «Басқа материалдардан магнит өтеме?» -Кәне енді көл жағасынабарып осы магниттер арқылы қоқыстарды жинап көрейік. Мен бастайын,сендер мұқият қарандар. Міне қоқысты алып шелек ішіне салындар. Ал енді сендер де жұмысқа кірісіндер! Балалардың жауаптары: - Мен суастынан шеге алып шықтым - Темір магнитке жабысты. - Мен магниттітартсам қоқыс оған жабысады. - Магнит су астынан қоқысты шығарады. -Балалар, қарандар,бәрін алып шықтық па? -Иә, көл таза -Қандай шешімшығаруға болады? Балалардың жауаптары: - Магнит судың астынантемірді жинайды. - Темір өзі магнитке жылжиды - Судың астында темірмагнитке тез жабысады. -Балалар, балықтар қуанып жатыр. Сендергеризашылығын білдіріп, би билеп жатыр. «Балықтар биі»</p> | <p>https://studio.youtube.com/video/zpDISRUn10s/edit</p> |
| Итоговая часть ОУД | <p>3.Қорытынды - Балалар, бізге көлді қоқыстан тазалауға не көмектесті? - Магнит көмектесті. -Магниттің қандай қасиеттерімен біз таныстық? -Ол темір заттарды тартып алады. -Пласмасс, қағаз, резеңке, ағаш оған жабыспайды. -Магнит судың астында да өтеді. -Судың астынан темір қоқыстарды жинап алады.</p> | <p>https://studio.youtube.com/video/zpDISRUn10s/edit</p> |
| Ожидаемые результаты: | <p>Жанғыртады: Магнитпен тәжірибе жасайды. Түсінеді: магниттің қажеттілігін және орың әлеуметтегі пайдасың түсінеді. Қолданады: өздері берілген тапсырмалады орындай алады.</p> | <p>https://studio.youtube.com/video/zpDISRUn10s/edit</p> |